

"Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы" Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы №607 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 934 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 сәуірде № 6773 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 14.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 9-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Қармақшы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасын бекіту туралы" Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 607 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6060 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 14 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.


Қармақшы ауданының әкімі

С. Мақашов

Қармақшы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы "16" сәуірдегі № 934 қаулысына қосымша

Қармақшы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы "22" қарашадағы № 607 қаулысына қосымша

Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп- қарау негізінде Қармақшы ауданы бойынша жайылым айналымдарының схемасы



- 1 – Жосалы кенті
- 2 – Төретам кенті
- 3 – Ақай ауылдық округі
- 4 – Қармақшы ауылдық округі
- 5 – Жосалы ауылдық округі
- 6 – Иіркөл ауылдық округі
- 7 – Жаңажол ауылдық округі
- 8 – III Интернационал ауылдық округі
- 9 – Ақтөбе ауылдық округі
- 10 – Ақжар ауылдық округі
- 11 – Дауышкөл ауылдық округі
- 12 – Алдашбай Ахун ауылдық округі
- 13 – Қуандария ауылдық округі
- 14 – Т.Көмекбаев ауылдық округі

- Әр түрлі шөпті шалғынды жайылымдар
- Басымды тамырлы жусан- жусанды жайылымдар
- Бір жылдық басымды сораңды жайылымдар
- Басымды дәнді дақылды әр түрлі шөпті шабындықтар
- Бұталы жайылымдар (орта күшті) сексеуіл, жүзкүн, жыңғыл.